

«Аяла» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі

«Балапан» кіші тобы

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Біз және қоршаған орта»

Тәрбиеші: Тазабекова А.

Тақырыбы: «Біз және қоршаған орта»

Кіріктірілген білім беру бағдары: «Шығармашылық» «Әлеуметтік орта»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Қоршаған ортамен танысу» «Сурет салу»

Мақсаты: Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру. Қоршаған ортаны ластамауға үйрету.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Баланы тапсырманы орындауға қызықтыру (талпындыру)	Шаттық шеңбер Аспан Атадан күш-қуат алайық. Армысыз, қайырымды Аспан Ата! Армысыз, мейірімді Жер-Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын Күн!	Балалар шеңбер жасап, бір-бірінің қолынан ұстап, қайталайды.
Балаларды ізденушілікке ұйымдастыру	Балаларға ыдыстардағы салынған тасты, құмды, шөпті, ағашты таныстыру. Осының барлығы бізді қоршаған әлем. Мына ағашқа қараңдаршы жапырақтарыда жемістеріде жерге түсіп қалыпты. Балалар мына тұрған екі себет, осы себеттің біреуіне алманы, ал екінші себетке жапырақты жинайықшы. Сергіту сәті «Тербеледі ағаштар» Сурет салу: Тақырыбы: «Жапырақтың көлеңкесін түсіру» Дәстүрден тыс сурет салу.	Тас Құм Шөп – балалар қайталайды. – Ағаш Балалар тәрбиешімен алма мен жапырақтарды жинайды Балалар сергіту сәтін орындайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Балалар жеміс ағашы туралы толық мәлімет алады.

Қандай түсініктерді игерді: Табиғатқа деген қамқорлығы молая түседі.

